

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

7. Pianta, R. C. (1999). Enhancing relationships between children and teachers. Washington, DC: American Psychological Association.
8. Jacobsen, T., & Hofmann, V. (1997). Children's attachment representations: Longitudinal relations to school behavior and academic competency in middle childhood and adolescence. *Developmental Psychology*, 33, 703–710.
9. https://www.researchgate.net/publication/287107694_Attachment_in_the_studentteacher_relationship_as_a_factor_of_school_achievement
10. Хьюз, Гамильтон, Матесон, 1994; Хауз және Матезон), 1992; Пианта, Штайнберг, & Роллинз, 1995; Эгеланд & Хиестер, 1995; Хоуз & Смит, 1995; Хоузс және басқалар, 1990.
11. Pianta, 1999; Rudasill & Rimm-Kaufman, 2009.
12. <https://alpha-parenting.ru/2018/09/17/gordon-nyufeld-otnosheniya-imeyut-znachenie/>
13. <https://alpha-parenting.ru/2019/01/14/rita-pirson/>

ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАР МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ИДЕЯЛАРЫ

Атемова Қ.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.д.

Атемова Г.Т.

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы

Абстракт. В статье описывается важность здравоохранения в современном обществе, на основе государственных и специальных документов в том числе важность уделения особого внимания на психологического здоровья. Раскрытие концепции психологического здоровья, дается сравнительное описание взглядов ученых, проводивших исследования в этой области. Описано понятие психологического здоровья студенческой молодежи и его состояния, проведено сравнение со статистическими данными. Основная цель статьи - показать психологическое давление в современной социальной среде, а также различные отношения и способы защиты молодых людей от этого. Рекомендуются эффективные решения, исследуя и анализируя наследие великих ученых. Представлены концепции психологического здоровья в наследии великих ученых и способы его сохранения. Наследие Аль-Фараби является основной темой статьи, при этом учитывается преемственность взглядов.

Даны рекомендации, связанные с защитой и формированием психологического здоровья студентов в современных вузах, объяснена важность и эффективность информации в содержании дисциплин.

Ключевые слова: психологическое здоровье, студенты, великие ученые, наследие, будущие профессионалы, дисциплины, общение

Abstrakt. The article describes the importance of health care in modern society, based on government and special documents including the importance of focusing on psychological health. Disclosure of the concept of psychological health, a comparative description of the views of scientists who have conducted research in this area. The concept of psychological health of student youth and its state is described, a comparison with statistical data is made. The main purpose of the article is to show the psychological pressure in the modern social environment, as well as the various attitudes and ways of protecting young people from this. Effective solutions are recommended by researching and analyzing the legacy of great scientists. The concept of psychological health in the heritage of great scientists and ways of preserving it are presented. The legacy of Al-Farabi is the main topic of the article, while taking into account the continuity of views.

Recommendations are given related to the protection and formation of psychological health of students in modern universities, the importance and effectiveness of information in the content of disciplines are explained.

Key words: psychological health, students, great scholars, heritage, future professionals, academic disciplines, communication.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта халық денсаулығы басты назарда болып келеді. Қазақстанның ата заңындағы 44-бабының 8-тармақшасында «Қазақстан Республикасының азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту және олардың денсаулығын сақтауға деген Конституцияның құқығын іске асыру» деп атап көрсетілген [1]. Өйткені жас ұрпақ денінің саулығы болашақ халықтың өсімі мен сапасын анықтайды. Осы тұста болашақ ұрпақ тәрбиесінің салауаттылығын қамтамасыз ету мемлекеттік тұрғыдан қолға алынуы тиіс.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда қоғамдағы экологиялық және табиғат апаттарын айтпағанда, бүгінгі нарықтық қоғамдағы адамдар арасында қарым-қатынас пен психологиялық қысым, әсіресе, жас буын денсаулығының бұзылуына алып келуде. Қазақстан Республикасының өзінде, тіпті әлемдік деңгейде денсаулықты сақтау адамзат қоғамының алдында тұрған үлкен мәселеге айналып отыр.

Әлеуметтік ортаның ықпалын былай қойғанда тәрбиені мақсатты түрде ұйымдастыратын әлеуметтік институттардың бірі мектептің өзінде бала денсаулығын сақтау қиынға түсіп отыр. Оған дәлел, ең көп стресс алатындар мектеп жасындағы балалар екендігі анықталған. Мысалы, мектепке келген 1-сынып оқушылары арасында 25-30 % әртүрлі аурулармен келсе, 11-сыныпты бітіретін оқушылардың 80 %-ы денсаулығын бұзып, әртүрлі диагноздармен мектеп қабырғасынан шығады екен [2]. Бұдан шығатын қорытынды, мектеп мұғалімдері мен оқушылар, балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас және оқу еңбегінің мөлшерден тыс көптігі бала денсаулығының бұзылуына алып келетіндігін көрсетеді.

Олай болса, бүгінгі мектептердегі балалардың оқу еңбегін ұйымдастыруда олардың психологиялық денсаулықтарын сақтау мен оның қалыпты болуын қамтамасыз етуде ең алдымен педагог мамандардың психологиялық тұрғыдағы қарым-қатынастары жағымды әрі салауатты болуға тиіс. Ол үшін жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды яғни студенттердің психологиялық денсаулығының қалыптасуына аса мән беруіміз қажет. Ол үшін педагогикалық және психологиялық пәндер мазмұнында ұлы ғұламаларымыз бен ұлы психологтардың ұсынған идеяларын ұлттық тәрбиемізге сай пайдалана білуіміз маңызды.

Болашақ маманның салауаттылығын қалыптастыру ұғымының мәні күш-қуатты, ерік-жігерлі, еркін жүруімен сипатталады. Бүгінгі таңда болашақ маманның психологиялық денсаулығын қалыптастырудың негізгі проблемалары: өзінің өмірлік сұраныстарын қанағаттандыра алмаушылық және құбылмалы әлемде өмір сүру барысында әлеуметтік-құзыретті тұлға болып қала алмау, мінез-құлық және қоршаған ортадағы адамдармен тиісті қарым-қатынас сақтауға мүмкіндіктің жоқтығы көбеюде. Осыған байланысты ғылымға жүктейтін қазіргі қоғамның сұранысы, болашақ маманның және жалпы қоғамның психологиялық денсаулық мәселесі өзекті болып саналады. Болашақ маманның салауаттылығын қалыптастырудың ерекше адами көріністерге көңіл бөлуінің де сыры осында.

Осыған байланысты жоғары оқу орындарында, біріншіден, болашақ маманның психологиялық денсаулығын қалыптастыруда ұлы ғұламалар мұраларына сүйену қажеттілігі мен оның мәндік сипаттамасын айқындау; екіншіден, студенттік шақта психологиялық салауатты болу көрсеткіштерін анықтау; үшіншіден, психологиялық әдістермен түзеу және психологиялық алдын алу жолдарын іздеу маңызды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлт денсаулығы – біздің жетістікті болашағымыздың негізі», -деп атап көрсетуі халқымыздың ең басты құндылығы мен байлығы оның денінің саулығы екендігін айта отырып, бүгінгі білім беру саласында ең алдымен жастардың денсаулығына көңіл бөлуді міндеттейді [3]. Бүгінгі әлеуметтік ортадағы барлық қарым-қатынастардың салдары ең алдымен біздің психологиялық денсаулығымызға ықпал етеді.

Осы тұрғыдан келгенде денсаулықты сақтау мен нығайту ең алдымен психологиялық жансаулықпен байланысты деуімізге болады. Бұл әсіресе, бүгінгі нарық заманында өте өзекті мәселеге айналып отыр.

Психологиялық денсаулық мәселесі көптеген психологиялық мектептердің зерттеу нысаны болған және бұл терминологияға да, зерттелетін мәселенің мазмұнына да көзқарастардың алуан түрлілігін анықтап берді.

Жастардың психологиялық денсаулығы бүгінде әртүрлі ұғымдармен байланысты түсіндіріліп келді. Атап айтқанда, «Психологиялық денсаулық», «Салауаттылық», «Психологиялық жансаулық» түсініктері кеңінен қолданылып келеді.

Дүниежүзінің денсаулық сақтау ұйымының анықтамасына жүгінетін болсақ, «Психологиялық салауаттылық – бұл адамның өз мүмкіндіктерін іске асыра отырып, күнделікті өмір күйзелістеріне төтеп беруі, өмір сүріп отырған қоғамына өз үлесін қосуы және өнімді, жемісті жұмыс істеу қабілетімен сипатталатын амандықтың жай күйі», -деп сипаттама береді және жансаулық ұғымын қолданады [4].

Ал, медициналық терминдердің энциклопедиялық сөздігінде «Денсаулық – дене кемістігі мен аурудың жоқтығы ғана емес, ол сонымен бірге, физикалық саулық, жанның саулығы, әлеуметтік жағдайының толықтығымен сипатталады. Ал, жансаулық – бұл ақыл-ой саулығы, ал физикалық саулық – тәніміздің саулығы, әлеуметтік саулық – еңбек, демалыс өмір сүру жағдайымен сипатталады» деп түсіндіріледі [5].

Ұлттық салауаттылықтың негізі ретінде біз бұл зерттеуімізде түркі ғұламалары мұраларын негізге аламыз. Өйткені, әрбір ұлттың өз менталитетіне сай ұлттық психологиясы мен мінез-құлқы ерекшеленеді. Осы тұста түркі ғұламалары көзқарастарындағы психологиялық денсаулықтың түп тамыры мен бастау көздерінің адам денсаулығымен қаншалықты байланыстылығын сипаттауға тырысамыз. Осы себепті ұлттық идеяларды пайдалану негізінде біз тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы әл-Фарабидің (870-950) идеяларына жүгінеміз. Ол өзінің психологиялық жан қуаттары ілімінде «*Тән жанның дамуына, оның біртіндеп қалыптасып, жетілуіне әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет. Тәннің саулығы жоқ жерде жан саулығы да жоқ*», - деген пайымдауларымен адам жанының саулығының тән саулығымен байланыстылығын дәлелдейді [6]. Сонымен қатар, ол өзінің "Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері" деген еңбегінде: "Дене сияқты жанда да өзіне тән саулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады", -деп адам әрекетінің бәрі белгілі бір әсерлер жиынтығының нәтижесі екенін көрсетеді [7]. Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері-ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істері мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары-сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып шығады. Сондықтан да адамның балалық шағында алған мейірімділік пен көмек қана баланы өскенде ізгілікке жетелейтін сезімдер қалыптастыра алады дегенді меңзейді.

Психологиялық денсаулықты қалыптастырудың тағы бір жолы-еңбек және спорттық ойындармен шұғылдану болмақ. Бұл жөнінде қазақта ата-бабаларымыз өсиеттерінде ойларын айқын білдірген. Мысалы, халқымызда қашанда салауаттылықтың көзі еңбекте деп білген. Нақтырақ айтар болсақ, бос жүргенде бала жақсыдан гөрі жаманға үйір келеді, дене бітімі бойынша денелері салбырап, әлсіздікті сезінеді. Дене қимылының әрекеттерімен шұғылдану қашан да тәннің саулығын қамтамасыз етеді. Сондықтан да қазақта «тәні саудың-жаны сау» деп текке айтпаған [8].

Бұл пікірді өзге ұлт өкілдері де құптайды. Мысалы, И.Бехер еңбектің адам баласына пайдасын түсіндіре келе, мынадай кеңес береді: «Жабырқаған кезде жұмыс істе, ол – қайғыны сейілтудің бірден-бір жолы. Жаның жабықпау үшін жұмыс істе: еш нәрсе де жұмыстай құлазыған жабырқаулықтан құтқармайды. Тасың өрге домалап тұрған кезде жұмыс істе: «бас

айналудың» жұмыстан өзге ешқандай дәрісі жоқ», - деп айта келіп, тек еңбек қана адамды жаман ойдан аулақ етіп, ізгі мұраттарға жетелейтінін ескертеді [9].

Қорытындылай келе, жоғары кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандардың психологиялық денсаулығын сақтауда мынадай ұсыныстарды ескеру жөн деп білеміз:

- болашақ мамандардың психологиялық денсаулығын қалыптастыруда ұлттық идеяларды пайдалану мәселесі бойынша ұсынған әдістеме негізінде педагогикалық мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарында арнайы педагогикалық оқулар, әдістемелік семинарлар ұйымдастыру қажет;

- болашақ мамандардың психологиялық денсаулығын қалыптастыруда ұлы ғұламалар мұраларын этнопедагогика, педагогика тарихы, педагогикалық шеберлік, психология және т.б. пәндер мазмұнында пайдалану қажет;

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Елорда, 2008. - 56 бет.

2. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы. Негізгі құжаттар. 2006ж. 31 желтоқсандағы қабылданған түзетулер енгізілген қырық алтыншы басылым. – Женева, 2007. – 267 с.

3. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 2014 ж.

4. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - Алматы "Қазақ университеті" 2004. - 312с.

5. Никифоров Г.С. Психология здоровья. СПб.: Речь, 2002. – 520 б

6. Әл-Фараби. Мемлекет қайтаркерлерінің нақыл сөздері. Әлеуметтік - этикалық трактаттарында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 260 б.

7. Әл-Фараби. Бақытқа жету жолында. Әлеуметтік - этикалық трактаттарында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 260 б.

8. Қазақ мақал - мәтелдері /Құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.

9. Нығметова Қ.Н., Дүйсенова Ж.Қ. Балалар психологиясы: оқулық / - Алматы, 2012. – 272 б.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАЗУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ

Аширбекова Гулсум Айталықызы

«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: М.П.Асылбекова, п.ғ.к., профессор м.а.

gulsim_97_lx@mail.ru

Аннотация. Профессиональное выгорание – это совокупность негативных переживаний, связанных с работой, коллективом и организацией в целом. Тип профессиональной деформации лица. Часто наблюдается у специалистов, которым приходится взаимодействовать с людьми при выполнении своих обязанностей. Знание стадий и факторов синдрома профессионального выгорания позволяет педагогам серьезно отнестись к своевременной профилактике развития этого синдрома.

Ключевые слова: эмоциональное выгорание, факторы, вызывающие эмоциональное выгорание, симптомы профессионального выгорания, профессиональная депрессия, профессиональная деформация, профилактика профессионального выгорания.

Abstract. Professional burnout is a set of negative experiences associated with work, the team and the organization as a whole. Type of professional deformation of the face. Often observed